

ХАТТАМАСЫ №1

Өтілген күні: 25.12.2023ж.

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды 1-мәселе: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Л.Б. Курманова балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Балабақшадағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне әрбір екі ата-ана, ауыл әкімшілігінен бір адам, құқық қорғау органдарының өкілінен бір адам барлығы 5 адам келісім беріп отырғанын айтты. Жоғарыда атап өткен үлгілік қағидаға сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен балабақша әдіскері Г.Б. Уразалина таныстырып өтті.

Тыңдалды 2-мәселе: Екінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Г.А. Арыкованы ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша әдіскері Г.Б. Уразалина тағайындалды.

Тыңдалды 3-мәселе: Үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші Л.Б. Курманова қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.


Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2023 жылдың желтоқсан айынан 2024 жылдың мамыр айына дейін төрт отырыста төмендегі сұрақтар: 2023 жылға арналған бюджет қаражаты мен ата-аналар жарналары бойынша қаражаттың атқарылуы туралы басшы мен есепшінің есебі. Қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар қауымының жаңа жылдық мерекеге қатысуы және жаңа жылдық ертеңгіліктер. Балаларды жазғы сауықтыруына дайындық туралы: Ойын құралдарын жөндеу және сырлау, учаскелерді көгалдандыру, балабақшадағы тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына бақылау жасаудың нәтижелері. Балабақшада жүргізілетін сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, жазғы сауықтыру жұмыстарымен танысу, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысы бойынша төраға болып Г.А. Арыкова сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:



Г.А. Арыкова

Г.Б. Уразалина